

сайлауы өткізілді. Сайлауға 2 үміткер өз бағдарламасын ұсынып онлайн дауыс жинады. Олар: 9А сынып оқушысы Өменқызы Аружан, 10 сынып оқушысы Сарсембаева Асылай. Онлайн дауыс жинау кезінде ең көп дауыс жинаған 10 сынып оқушысы Сарсембаева Асылай жеңіске жетіп Мектеп президенті атанды.

Қамқорлық фракциясы. Қамқорлық - жақсылық, қамқорлық жасауға үйрету, адамгершілікке, қайырымдылық жасай білуге, мейірімділікке елжандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Осыған орай аға тәлімгер Мағден Эльнара Нұржанқызының алғашқы қайырымдылық акциясы өз жұмысын бастап кетті. №10 мектептің ұйымдастыруымен өткен «Кішкентай досыңа қамқорлық жаса!» атты акциясына оқушылар белсене қатысты.

Мектебімізде "Біздің мектептің асханасы" акциясы өткізілді. Мектеп Парламентінің "Қамқорлық" фракциясының депутаты, қамқоршылық кеңесінің төрағасы, әлеуметтік педагогтің және аға тәлімгердің жетекшілігімен мектеп асханасының жағдайы тексерілді.

ҚР Тәуелсіздігінің 30-жылдығына арналған «Отаныма игі істер» акциясы аясында 3-4 сынып оқушыларымен «Гүлдерге қамқорлық жасайық!» акциясы өткізілді. Оқушылар сынып бөлмесіндегі гүлдерді күтіп баптап, көбейтуге үндеу тастады. Мектеп оқушыларын «Гүлдерге қамқорлық жасайық!» акциясына қосылуға шақырды.

Дебат қозғалысы фракциясы.

«Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру білім алушылардың командада жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға, карама-қарсы пікірге құрметпен қарауға, өз көзқарастары мен пікірлерін белсенді қорғауға үйретуге мүмкіндік береді. Пікірсайыс қозғалысының мақсаты - қоғамда орын алған проблемаларды жария талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру.

9 сыныптар білім алушылары арасында 2021 жылдың 29 қыркүйегі күні «БП интернет жоқ әлемді таңдайды» атты қарары бойынша дебат өтті. Мақсаты: Заман талабының сұранысына саласы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жана буынын қалыптастыру. Міндеттері: Мектеп оқушылары арасында пікір- сайыстың деңгейін көтеру. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру. Мектеп оқушыларының сын тұрғысынан ойлауын дамыту. Шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау.

Қорытынды: Үкімет тарапындағы «Болашақ» фракциясы оппозиция тарапындағы «Ақиқат» фракциясына қарсы ойнап нәтижесінде «Болашақ» командасы жеңіске жетті.

Болашақ дебат клубының мүшелерінің қатысуымен, Үшқыр ой алаңы атты республикалық турнирдің мектепшілік кезеңі өткізілді. Турнир барысында 8-10 сынып оқушылары қатысты. Турнирдің қарары ретінде Б. п. Оқушылардың білімін бағалаудың он баллдық бағалау жүйесін енгізу негізсіз деп санайды тақырыбында тартысты ойындар өтті. Жеңімпаздар анықталып, турнирдің қалалық кезеңге жолдама алды.

"Өзін-өзі тану" Сүйіспеншілік пен Шығармашылық педагогикасы" онкүндігінің аясында мектебіміздің 9-11- сынып оқушыларының қатысуымен "Мен-өз елімнің патриотымын!" тақырыбы бойынша дебат ойындары өтті. Оқушыларға әр түрлі қарарлар берілді. Соның ішінде Б. П. патриотизм ақталмайды деп есептейді қарары ойнатылды. Ойын барысында оқушылар дебат ережесін жетік меңгеруімен қатар пікір-сайыстыру мен сыни ойлау қабілеттерін жетілдірді. Пікірталас мәдениетін көрсете отырып патриотизм ұғымын жан -жақты талқылады.

Құқық және тәртіп фракциясы.

2021 жылдың 16 қыркүйек күні «Ыбырай Алтынсарин атындағы №25 ЖББ мектебі» КММ-де жол-көлік оқиғаларының алдын алу үшін жас жол инспекторларымен бірлесе «Абайла, балақай!» тақырыбында акция өткізілді. 1-сынып оқушыларына «Абайла, балақай!» атты тәжірибе сабағын жас жол инспекторлары ұйымдастырды. Бұл жоба аясында мектеп оқушылары жол жүру ережелерін ғана емес, көшеде өз қауіпсіздігін қамтамасыз етуді де үйренеді. Ондағы мақсат – мектеп жасындағы балаларды жол-көлік апаттарынан сақтандыру. Бұл шара балалардың қатысуымен болған жол көлік оқиғаларының себептері мен мән-жайларын зерттеу, мектепке баратын, мектептен қайтатын, балалар жиі баратын орындарда қауіпсіз қозғалыс бағыттарын әзірлей отырып балалардың жолдағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

6-7 қазан күндері Аға тәлімгер мен кітапхана меңгерушісінің жетекшілігімен «Құқық және тәртіп» фракцияларының мүшелерінің ұйымдастыруымен «Мектеп оқулығына қамқорлық жасаңыз!» атты акциясы өтті. Акцияның мақсаты – оқушыларға оқулықты ұқыпты, таза ұстауға шақыру. Оқулықтың маңыздылығын түсіндіру. Акция барысында 2-11 сынып оқушыларының оқулықтарының жағдайы тексерілді. Тексеріс барысында кітапхана меңгерушісі Казбекова Б.К. оқушыларға ескертулер айтып, түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, оқулықты таза, ұқыпты ұстауға шақырды.

Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай 5-7 сыныптар арасында «Баланың құқықтары мен міндеттері» атты флаер байқауы ұйымдастырылды.

«Бала құқығы – адам құқығы» атты республикалық айлық іс-шара жоспарына сәйкес 1-4 сыныптар арасында «Мен өз құқығымды саламын» шығармашылық суреттер байқауы өтті. Байқауға мектеп оқушылары белсене қатысты.

«Бала құқығы – адам құқығы» атты республикалық айлық іс-шара жоспарына сәйкес аға тәлімгер Мағден Э.Н. ұйымдастыруымен 3 «А» сынып оқушыларымен «Кішкентай азаматтардың үлкен құқықтары» атты танымдық ойын өткізілді.

2022 жылдың 28 ақпан күні «Ыбырай Алтынсарин атындағы №25 ЖББ мектебі» КММ-де жол-көлік оқиғаларының алдын алу үшін жас жол инспекторларымен бірлесе «Абайла, балақай!» тақырыбында акция өткізілді. 1-сынып оқушыларына «Абайла, балақай!» атты тәжірибе сабағын жас жол инспекторлары ұйымдастырды. Бұл жоба аясында мектеп оқушылары жол жүру ережелерін ғана емес, көшеде өз қауіпсіздігін қамтамасыз етуді де үйренеді. Ондағы мақсат – мектеп жасындағы балаларды жол-көлік апаттарынан сақтандыру. Бұл шара балалардың қатысуымен болған жол-көлік оқиғаларының себептері мен мән-жайларын зерттеу, мектепке баратын, мектептен қайтатын, балалар жиі баратын орындарда қауіпсіз қозғалыс бағыттарын әзірлей отырып балалардың жолдағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

12.05.2022 күні қаламызда көктем-жаз мезгілдерінде балалардың жолдағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында "Абайландар, балалар!" облыстық жедел-профилактикалық спорттық іс шарасы ұйымдастырылды. Іс шараға қала мектептерінің жас жол инспекторлары қатысып, флешмоб билерін, үгіт-насихат топтарын тамашалады.

2021-2022 оқу жылының 17-інші мамыры күні балалардың жол-көлік жарақаттануының алдын алу, көшелер мен жолдарда қауіпсіз жүріс-тұрысына байланысты дағдылануларын нығайту мақсатында Балқаш қаласы полиция бөлімі патрульдік полиция ротасының қызмет инспекторлары полиция аға лейтенанты Кишкиндаев Т.Б және полиция кіші лейтенанты Тажибаев Г.А 3А және 3Б сынып оқушыларына жол жүру ережесін үйретіп, жол белгілерімен оқушыларды таныстырды. Оқушыларда өз кезегінде ережені жаттап, білмеген сұрақтарына жауап алды.

28.05.22 күні Балалар жылы аясында қалалық жол қозғалысының Жас инспекторларының слеті өтті. Слетке "Ыбырай Алтынсарин атындағы №25 ЖББ мектебі" КММ-нің "Жол сақшылары" командасы қатысып, " Үздік командир" номинациясымен Төлеухан Еркеназ марапатталды.

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының 4.5 тармағына сәйкес қоғамда парасаттылық жүйесін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында мектебімізде «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК-ның бұйрығымен «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылды.

27 қазан Қала мектептерінің арасында ZOOM-платформасы арқылы «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының мүшелерінің қатысуымен слет өтті. Мақсаты – мектеп оқушыларын рухани-адамгершілікке, Отанды сүйуге тәрбиелеу және жемқорлықтың жолын кесу. Ашылу салтанатында сөз кезегін қаламыздың заң бөлімінің бас маманы М.Садырбеков алды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресуді оқушылар арасында насихаттап, патриоттық сезім қалыптастыруды керектігін баса айтты. Оқушылар өзге қатарластарына үлгі көрсетіп, оларды бармақ басты көз қыстылықтан мейлінше аулақ болуға шақырады. Слетке 200-ге жуық клуб мүшелері қатысты.

29 қазан "Адал Ұрпақ" ерікті мектеп клубының мүшелерінің ұйымдастыруымен "Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!" атты челленджі ұйымдастырылды.

6-9 желтоқсан аралығында 9 желтоқсан Халықаралық сыбайлас жемқорлық күніне орай Ыбырай Алтынсарин атындағы №25 ЖББ мектебінде 5-11 сынып оқушылары арасында "Біз жемқорлыққа қарсымыз!" атты сурет байқауы ұйымдастырылды. Мақсаты: өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Патриоттық тәрбие қалыптастыру Байқаудың қорытындысы бойынша: I орын - 8 "А" сынып оқушысы Жазыбек Ерасыл; II орын - 5 "А" сынып оқушысы Төлеутай Олжас; 6 "А" сынып оқушылары - Жасұлан Мейрамбек, Нұржанқызы Еңлік, Тайжан Нұрдаулет; III орын - 5 "А" сынып оқушысы Маратай Хадиша;

Адал Ұрпақ" ерікті мектеп клубының мүшесі 9 "А" сынып оқушысы Байдалина Гүлдана "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл: біз немен күресеміз, неге күресеміз?" тақырыбында инфографика жасады.

18-20 желтоқсан күндері аралығында "Ыбырай Алтынсарин атындағы №25 ЖББ мектебі" КММ-нің Адал Ұрпақ ерікті мектеп клубының мүшелерінің ұйымдастыруымен 5-9 сынып оқушылары арасында "Жемқорлық - індет, жою - міндет!" тақырыбында эссе байқауы өткізілді. Мақсаты: Отанына адал қызмет етуге, Ата Занды құрметтеуге тәрбиелеу; Ең үздік деп танылған эссе жұмыстары әлеуметтік желіге салынды.

2022 жылдың 4 ақпанымен 7 ақпаны аралығында Адал Ұрпақ клубының мүшелерінің ұйымдастыруымен «Адалдық – ардың ісі» атты шығармашылық сурет байқауы өтті. Байқаудың мақсаты: адалдық пен шындықтың адами

қарым-қатынастағы мәнін түсіндіру; адалдық, шыншылдық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ету; адал, шыншыл болуға тәрбиелеу. Байқаудың қорытындысы бойынша: I орын – 2 «Б» сынып оқушысы Ханатұлы Нұрбақыт; 3 «Б» сынып оқушылары Несіпбек Диана, Танырбергенов Санжар, Тұрлыбекова Айсұлу; II орын - 3 «Б» сынып оқушысы Курманбеков Мухамедали; 4 «А» сынып оқушысы Әділбекова Гүлнұр; III орын – 3 «Б» сынып оқушысы Байкенжина Айсара;

Адалдық – адам мінезіндегі бағалы қасиет; адалдық - адам бойындағы таза ниет, бағалы қасиет, адамның сана - сезімі мен ар - ұжданына қайшы келмейтін әрекеттердің моральдық - этикалық жиынтығы. Қазақтың адалдық жайында өзіндік пайым - түсінігі туралы Ұлы Абай: «Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі қазақтың әулиесі сол», - дейді. Адамгершілік ұжымдық ортада бойына сіңірген тәрбиесіне, біліміне, адал еңбектенуге байланысты қалыптасып, адамның жеке басы мен моральдық тұлғасын сипаттайды.

Адал Ұрпақ мүшелерінің ұйымдастыруымен "Гүлдің орнына қолдан әзірленген қабырға газеті, сыйлықтың орнына құмыра гүлдері" эстафеталық акция өтті.

13 сәуір күні Адал Ұрпақ ерікті мектеп клубы мүшелерінің "Сыбайлас жемқорлықсыз бақытты балалық шақ" тақырыбындағы сұхбат өткізді.

Ақпарат фракциясы.

«Қарттарым - асыл қазынам» атты мектебіміздің «Өзін-өзі басқару ұйымының» 5-7 сыныптар арасындағы суреттер байқауы өтті. Байқауға хабарландыру мектептің әлеуметтік желісі арқылы жарияланды. Оқушылыр жұлдері орындармен марапатталды.

2022 жылдың 14-наурыз күні "Ұлыстың ұлы күні Наурыз" мерекесіне арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес Мектеп Парламентінің Ақпарат фракциясы депутатының ұйымдастыруымен 1-11 сынып оқушыларына мектептің 1-қабатында "Қош келдің, өз Наурыз!" тақырыбында ақпараттық бұрыш жасалды. Мақсаты: оқушыларға Наурыз мейрамы жайлы ақпараттар беру.

Ақпарат фракциясы депутатының ұйымдастыруымен мерекелік іс шараларда ақпараттық бұрыштар, мерекелік газеттер шығарылып отырылды.

Спорт және салауатты өмір салты.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы шеңберінде 7-қыркүйек – Денсаулық күніне орай «Ыбырай Алтынсарин атындағы №25 ЖББ» КММ-де

8-11 сынып оқушыларының қатысуымен «Денсаулық – зор байлық» атты спорттық іс-шаралар өтті. Мақсаты: білім алушыларды спортқа деген қызығушылықтарын арттыра отырып салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

8 қазан күні Ыбырай Алтынсарин атындағы №25 ЖББ мектебі бойынша «Бала құқығы – адам құқығы» атты республикалық айлық іс-шара жоспарына сәйкес «Денсаулығыңды жастайыңнан сақта» тақырыбында мектебіміздің медбикесі Тускеева Б.А. 5АБ сыныбы оқушыларының қатысуымен дәріс өткізді. Мақсаты: денсаулықтың адам өмір сүруі үшін аса қажеттілігін, оны сақтай білудің адам өміріндегі маңызы, микробтардың ағза қауіптілігін, кір қолдың қандай ауруларға ұшырататынын жұқпалы аурулардан жолдарын түсіндіру.

Салауатты өмір салтын насихаттау және ұлттық қазақ күресін кеңінен таратып, жаттықтырушылар арасында тәжірибе алмасу мақсатында 2021 жылдың 06-07 қараша аралығында, Балқаш қаласы "Металлург" спорт кешенінде қазақ күресінен "ЖАС БАРЫС" атты қалалық іріктеу турнирі өтті.

Турнирдің қорытындысы бойынша:

I орын - 9 "А" сынып оқушысы Нұрланов Дәулет;

II орын - 8 "А" сынып оқушысы Сымбат Айхан

14.02.2022ж "Ыбырай Алтынсарин атындағы №25 ЖББ мектебі" КММ-де Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Денің сау болса, бәрін аласың» дене шынықтыру апталығында 5-11 сынып оқушыларына сап жиыны өткізіліп, апталықтың жоспарымен таныстырылды.

6 "Б" сыныбында Тускеева Б.А. қатысуымен "Алғашқы медициналық көмек" тақырыбында сынып сағаты өтті. Мақсаты: оқушыларды алғашқы медициналық көмек көрсету жолдарымен таныстыру.

2022 жылдың 15-ақпан күні Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Денің сау болса, бәрін аласың» дене шынықтыру апталығы аясында «№3 ЖББ мектебі» КММ-де «№1 ЖББ» мектебі, «№3 ЖББ» мектебі, «№25 ЖББ» мектептерінің 8-11 сынып оқушылары арасында достық кездесу, яғни мектепшілік волейбол жарысы өтті. Бұл жарыстың мақсаты – оқушылардың бос уақытын тиімді өткізіп, салауатты өмір салтын насихаттау және достық қарым-қатынасқа баулу

2022 жылдың 16-ақпан күні Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Денің сау болса, бәрін аласың» дене шынықтыру апталығы аясында «Ыбырай Алтынсарин атындағы №25 ЖББ» КММ мектебінде 1-4 сынып оқушылары арасында “Қозғалмалы ойындар” тақырыбында әр түрлі қозғалмалы ойындар өтті.

2022 жылдың 17-наурызы күні «Ұлыстың ұлы күні Наурыз» мерекесіне арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Сатиев К.А ұйымдастыруымен 5-10 сынып оқушыларының қатысуымен ұлттық ойындар арқан тартыс, асық ату, тоғыз құмалақтан спорттық іс-шаралар өткізілді.

«Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде». Себебі, бірінші байлық – денсаулық. 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні. Бұл атаулы күн Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының құрылған күнінде аталып өтіледі. 1948 жылы құрылғаннан бері әлемнің екі жүзге жуық мемлекеті Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына мүше болып отыр. Спорт күніне орай спорттық іс шаралар өткізілді.

2022 жылдың 20 сәуірі мен 22 сәуірі аралығында Мектеп Парламентінің "Спорт және салауатты өмір салты" фракциясы депутатының ұйымдастыруымен 0-5 сыныптар арасында «Спорт – өмір көркі» атты шығармашылық сурет байқауы өткізілді. Байқау қорытындысы бойынша: I орын – 0 «А» сыныбы Жұмаш Еркеназ; 2 «Б» сыныбы Жумашева Альмира; II орын - 0 «А» сынып оқушылары Дюсембаев Аният, Игілік Сырым, Тютөбай Расул, Асхат Аделя, 3 «А» сынып оқушысы Сабазбай Абдуллах, 3 «Б» сынып оқушылары Несіпбек Диана, Танырбергенов Санжар.

Мәдениет және өнер фракциясы.

2 қазан Ұстаздар күніне орай өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары мұғалімдерге арнап мерекелік іс шара ұйымдастырды. Іс шара барысында мектептің 1 қабатына безендіру жұмыстарын жасап, сағат 10:00 де ұстаздар қауымын жинап 11 сынып оқушылары құттықтау тілектерін білдірді.

Ыбырай Алтынсарин атындағы №25 мектебінде дәстүрге айналған «Алтын күз» атты күзгі бал сыныптан тыс іс шарасы өтті. Аталмыш іс-шараға 1-4, 5-11 сынып оқушылары қатысты.

1-11 сыныптар арасында "Алтын күз" "Табиғи материалдардан жасалған бұйымдар" көрме байқауы өтті.

7 сынып оқушыларының арасында "Ал, кәнеки, қыздар!" сайысы өтті. Мақсаты: қыз балалардың шеберліктері мен шығармашылықтарын дамыту.

15 қазан "Көкөністер мен жемістерден жасалған бұйымдар" көрмесі болып өтті. Мақсаты: оқушылардың қолмен жасай білуге деген шеберліктерін дамыту.

17 қазан 9 сынып оқушылары "Ұлттық тағамдардың және әлем халықтары тағамдарының ерекшеліктері" тақырыбында презентация, буклеттер жасап, қорғады. Мақсаты: оқушылар ұлттық тағамдар мен әлем халықтарының тағамдары жайлы жаңа идеяларын ұсыну.

10.12.2021 жылы 5-10 сынып оқушылары арасында «Тәуелсіздік туы, желбіре!» атты бейнеролик байқайуы өтті. Мақсаты: Еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата — бабаларымыздың ерлігін паш ету. Оқушылардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту. Елін, жерін сүйуге, Отанын қастерлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеу. Оқушыларды отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, туған жеріне, атамекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға дұрыс бағыт-бағдар беру, өз елінің тарихын сыйлауға үйрету, оқушыларды патриоттық рухта тәрбиелеу. "Тәуелсіздік туы желбіре!" атты мектепшілік 5-7 сынып оқушылары арасында мектепшілік бейнероликтер сайысында: I орын: 6 «А» сыныбы II орын: 6 «Б» сыныбы III орын: 5 «А» сыныбы

Бейнеролик сайысына қатысқаны үшін Алғыс хатпен марапатталды: 5 «Б» сыныбы, 7 «А» сыныбы, 7 «Б» сыныбы

"Тәуелсіздік туы желбіре!" атты мектепшілік 8-10 сынып оқушылары арасында мектепшілік бейнероликтер сайысында: I орын: 10 сыныбы, II орын: 9 «А» сыныбы, III орын: 8 «Б» сыныбы

Бейнеролик сайысына қатысқаны үшін Алғыс хатпен марапатталды: 8 «А» сыныбы, 9 «А» сыныбы

«Төрлет, төрлет Жаңа жыл!» атты іс-шара жоспарына сәйкес Жаңа жыл кешіне орай 1-4 сынып және 5-9 сыныптары арасында қабырға газеті сайысы ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың шығармашылық қабілетін, қиялын, эстетикалық талғамын, сұлулыққа, ұжыммен жұмыс жасауға тәрбиелеу. Байқауға барлығы 17 қабырға газеті ұсынылды.

2022 жылдың 20 қаңтар мен 23 қаңтар аралығында Мектеп парламентінің «Мәдениет және өнер» фракциясы депутаттарының ұйымдастыруымен «Қыс қызықтары» атты фотоколлаж байқауы өтті. Байқаудың мақсаты: өскелең ұрпақты шынығу арқылы спортқа, салауаттылыққа, еңбек пен өнерге баулу. Табиғат тамашаларын тани білуге, әр мезгілдің өзіндік ерекшеліктерін бағалауға тәрбиелеу. Ел болашағы-балалардың дені сау, салауатты болуларына ықпал ету. Байқауға қатысушылар қыс мезгіліндегі ерекше қызықты сәттерінің фотосуреттерін ұсынды. Байқаудың қорытындысы бойынша: I орын – 0 «А» сыныбы Сайранқызы Сабина, Серикбаева Аянат; 0 «Б» сыныбы Рахман Тахмина; II орын - 0 «А» сыныбы Дюсембаев Аният, Әлімхан Алиар; III орын – 1 «А» сынып оқушысы Нығыман Аида; 2 «А» сынып оқушысы Нығыман Гүлайым;

27 ақпан күні Мектеп парламентінің «Мәдениет және өнер» фракциясы депутаттарының ұйымдастыруымен «Мен дарынды баламын» байқауы ұйымдастырылды. Байқауға 0-9 сынып оқушылары белсене қатысты.

18 Наурыз-Ұлттық тағамдар күніне орай "Өзін өзі басқару" ұйымының фракцияларының ұйымдастыруымен дастарқан жайылып, оқушылар бауырсақ, Наурыз көжеден дәм татты.

"Өзін-өзі басқару ұйымының" ұйымдастыруымен өткізіліп жатқан іс-шараның бірі 17-наурыз "Ұлттық ойындар мен рекордтар күні". Бұл іс-шара оқушылар үшін тартысты, әрі көңілді өтті. Бастауыш сынып оқушылары мақал-мәтелдермен жарысса, жоғары сынып оқушылары арқан тартыс, бес тас және кір көтеруден өз бақтарын сынады. Ал қыздар арасында мектебіміздің "Бұрымды қызы" анықталды. Жеңімпаздар марапатталды.

16 Наурыз -Қазақтың ұлттық биі күніне орай "Өзін -өзі басқару " ұйымының фракцияларының ұйымдастыруымен қазақтың ұлттық билерінен флэшмоб өтті.

Қазақ биі – бишінің қозғалысы мен дене кимылы арқылы көркем образды бейнелейтін, ұлттық сахна өнері. Қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқан, халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы болып табылады.

Аспаптар күніне орай "Өзін өзі басқару ұйымының" дебат және бақыт фракцияларының ұйымдастыруымен "Қазақтың ұлттық аспаптары" атты іс-шара өтті. Іс-шара барысында 7 сынып оқушылары қазақтың ұлттық аспаптар жайында слайдтар қорғады. Іс-шараның негізгі мақсаты: Ұлттық аспаптардың біздің бағзы заманда ата-бабаларымыздың өмірінде айрықша орын алғанын түсіндіру, қазірге дейін олардың біз үшін құнды мұра екенін дәлелдеу, ұлттық аспаптардың түрлерімен, құрылыстарымен, шығу тарихымен таныстыру болатын. Іс-шараны бекіту мақсатында іс-шара соңында "Тәтті викторина" өткізілді.

Өзін-өзі басқару ұйымы наурыз мейрамына орай "Ұлттық аспаптар" күнін ұйымдастырды. Мақсаты: Оқушыларға халқымыздың ұлттық аспаптары жайлы түсінік беріп, өнерге қызығушылығын арттыру. Іс-шара үлкен қоңырауда, аспаптармен ұлттық күйлер ойналып, көңілді караоке және 7 сыныптар арасында " Қазақтың ұлттық аспаптары" атты слайдтар байқауы өтті.

Экология және еңбек фракциясы.

Еңбек – адам өмірінің мәні. Ешкім де онсыз мұратқа жетіп, биікке шықпайды. Адал термен тапқан нанның да дәмі тәттілеу. «Еңбек ер аттандырады» дейді халқымыз. Сондықтан да тіршілікте бағы жа-нып, абыройы аскандардың бар-лығы да қажырлы еңбекпен биікке жеткен адамдар деп айтуға болады.

27.09.21 ж "Ыбырай Алтынсарин атындағы №25 ЖББ мектебі" КММ-де "Жерді күн көріктендіреді, ал еңбек" атты эссе байқауы өтті. Мақсаты: Еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру. Еңбек етуге қызығушылықтарын арттыру. Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.

Халықаралық бейбітшілік күніне орай Жас Қырандықтар челлендж ұйымдастырды.

2021 жылдың 26 қазан күні дәстүрге айналған "Менің сүйікті қалам" атты қалалық тал егу акциясына мектебіміздің 9-11 сынып оқушылары белсене қатысты. Мектеп ауласына 11 түп тал отырғызылды. Тал егу жұмысы арқылы болашақ ұрпақты табиғат анаға, күллі жаратылысқа деген ықыласын оятып, адам баласының табиғатпен үйлесімді түрде дамитынын ұғындыру.

2022 жылдың 20-24 қаңтар аралығында Мектеп парламентінің «Экология және еңбек» фракциясы депутаттарының ұйымдастыруымен «Қыс келбеті» тақырыбында шығармашылық сурет байқауы өтті. Дарынды балаларды анықтау және қолдау, олардың танымдық қызығушылықтарға ынталандыру. Балалардың шығармашылық және көркемдік қиялдау дағдыларын дамытуға мүмкіндіктерін ашу.

2022 жылдың 23 ақпаны мен 28 ақпаны аралығында Мектеп Парламентінің "Экология және еңбек" фракциясы депутатының ұйымдастыруымен 1-4 сынып оқушылары арасында "Менің мамандығым - менің болашағым" атты сурет байқауы өткізілді. Мақсаты: оқушыларды еңбекқорлыққа, еңбекті қадірлей білуге, табысты болуға тәрбиелеу.

2022 жылдың 28 ақпан күні Мектеп Парламентінің "Экология және еңбек" фракциясы депутатының ұйымдастыруымен 7 "Б" сынып оқушыларымен «Мамандығым – болашағым» атты дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелдің мақсаты – «Мамандық» құндылығы туралы түсініктерді кеңейту. Мамандық таңдау, оның нәтижесіндегі еңбек қуанышы туралы ұғым беру. Дөңгелек үстел барысында оқушылар қойылған сұрақтарға жан-жақты өз ойларын айтып, пікір алмасты.

2022 жылдың 28-01 сәуір аралығында «Біздің ауланың, бактың құстары» -атты экологиялық акция жоспарына сәйкес 3-5 сыныптарда «Құстар- біздің қанатты досымыз» атты суреттер байқауы өтті. Байқаудың мақсаты: Экологиялық тәрбие беру, оқушыларды табиғатты сүйуге және құстарды аялауға тәрбиелеу.

2022 жылдың 28-01 сәуір аралығында «Біздің ауланың, бактың құстары» - атты экологиялық акция жоспарына сәйкес, «Құстарға қамқоршы болайық!» атты іс-шараға 5Б сыныбы оқушылары Тлеуберген Ербота, Абзалбеков Мансур, Алимхан Олжас қатысты. Байқаудың мақсаты: Құстарға қамқор болуға, құстарды аялауға тәрбиелеу. Оқушылардың құстар туралы ой

өрістерін, түсініктерін дамыту. Отанын, жерін, орманын, көлін, табиғатын сүйуге баулу.

2022 жылдың 28 наурыз-1 сәуір аралығында «Біздің ауланың, бақтың құстары» - атты экологиялық акция жоспарына сәйкес, 5-7 сынып оқушылары «Құстар-көктем жаршысы» атты мәнерлеп оқу іс-шарасына қатысты.

2022 жылдың 31 сәуірінде «Біздің ауланың, бақтың құстары» атты экологиялық акция жоспарына сәйкес, көркем еңбек пәнінің мұғалімі Тлеубек К.К. ұйымдастыруымен, «Құстарға камқоршы болайық!» тақырыбында 5Б сынып оқушылары құстарға ұя жасады.

9 сәуір "Біз - таза қала үшін!" атты ұранмен мектебіміздің аумағында сенбілік жұмыстары жүргізілді. Сенбіліктің басты мақсаты экологиялық мәдениетті сақтай отырып, мектеп аумағына тазалық жұмыстарын жасау. Сенбілікке мектеп ұстаздары мен кіші қызметкерлер қатысып, мектеп аумағына тазалық жұмыстарын жүргізді.

2022 жылдың 16-сәуір күні "Ыбырай Алтынсарин атындағы №25 ЖББ мектебі" КММ-де мектебіміздің оқушылары, ұстаздары мектеп ауласын тазалауға шықты. Мектеп ауласының тазалығы оқушылардың денсаулығына қолайлы әсер етеді.

2022 жылдың 18-23 сәуір аралығында өтетін «Жасыл Қазақстан» атты экологиялық акция жоспарына сәйкес ашылу жиыны өткізілді. Бұл күннің ұраны: «Планетаны бірге сақтайық!»

Мектеп парламентінің «Экология және еңбек» фракциясы «Жасыл Қазақстан» экологиялық сауаттылық апталығы аясында «Менің сүйікті гүлім» тақырыбында шығармашылық сурет байқауын ұйымдастырды. Байқаудың қорытындысы бойынша: I орын: Рахман Тахмина, Жумашева Альмира, Ханатұлы Нұрбақыт, Несіпбек Диана; II орын: Ерболатқызы Ақерке, Жумаханова Аделина, Талғат Жансерік, Нұрланқызы Кәусар; III орын: Қауымбек Бота, Мәдениет Аруна, Шайхенов Алижан

Мектеп парламентінің «Экология және еңбек» фракциясы «Жасыл Қазақстан» экологиялық сауаттылық апталығы аясында «Менің сүйікті жануарым» тақырыбында шығармашылық сурет байқауын ұйымдастырды. Байқаудың қорытындысы бойынша: I орын: Жумашева Альмира, Ханатұлы Нұрбақыт, Ерланқызы Айару, Несіпбек Диана; II орын: Рахман Тахмина, Әбен Мерей, Мәдениет Аруна, Нұрланқызы Арай, Сәмен Нұрбол; III орын: Мағау Зере, Шайхенов Алижан.

2021-2022 оқу жылында мектептегі тәрбие жұмыстары бойынша кездескен кедергілер және оларды жою жолдары бойынша ұсыныстар :

Кедергілер: Оқушылардың сабаққа үнемі кешігіп келуі, түрлі себептермен сабақты босатуы. Оқушылардың құқықтық мәдениет ережелерін толық меңгермеуі. Оқушылардың арасында болашақ мамандықтарын ерте дұрыс таңдай алмауы. Іс-шараларға оқушыларды қатыстыруда қиындықтардың туындауы.

Шешу жолдары: Отбасылармен бірлесе іс-шаралар өткізу, бала тәрбиесіндегі қиындықтарды туғызбау мақсатында дәстүрлі емес кездесулер, әңгіме сағаттарын өткізу. Мектептегі «Ұлағат» әкелер кеңесі және «Көркем» аналар кеңесінің жұмысының жүйелі жүргізуін қолға алу. Осы кездескен кедергелерді жою мақсатында ата-аналардың қоғамдық жұмыстарға қатысуын арттыру. Іс-шаралардың өткізілу формасына үлкен жауапкершілікпен қарау, өзгерістер еңгізу. Жоспарға сәйкес іс-шараларды өткізгенде үнемі қадағалау, әзірлемесінің дұрыс жасалуын назарда ұстау, сынып сағаттарына қатысу. Сынып жетекшілер бірлестігінің отырыстарын өткізілуін жолға қою, жас сынып жетекшілерге көмек беру.

Мектеп директоры



Г.С.Мейрбекова

Орындаған ДТЖО: Мусаханова Д.Ж
Жолдасбекова М.М